

FTAXP 06.73.15
ЭОК 336.14
JEL H61

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-4-403-416>

И.С. ЖУРТЫБАЕВА,*¹

докторант.

*e-mail: indira.zhurtybaeva@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-6103-9177

Ж.М. БҰЛАҚБАЙ,¹

Э.Ф.К., доцент.

e-mail: Bulakbay_zhannat@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3742-6756

Б.С. САПАРОВА,¹

Э.Ф.К., доцент.

e-mail: sbsfmenu@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0881-3474

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БЮДЖЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада авторлар бюджет жүйесінің қағидаттарын қарастыра отырып, оларды салыстырмалы түрде саралады және бюджетаралық қатынастардағы қаражаттардың трансферт түрінде қаражаттардың бір деңгейден екіншісіне жылжу үдерісін талдады. Сондай-ақ бюджетаралық қатынастардың туындау қажеттілігі мен республика аумағында жалпы ішкі өнімнің көлемін өңірлер кескінінде талдай отырып, отандық нарықтағы ірі өндірушілер саны мен көлемі аз шоғырланған өңірлер айқындалып, ол өңірлерде бюджет кірістерінің қалыптасу үрдісі тең еместігі де аталып өтілді. Зерттеу барысында авторлар республикалық бюджеттен субвенциялар, жергілікті бюджеттен бюджеттік алып қоюларды және субвенциялардың бюджеттік алуға қатынасы көлеміне де талдау жасап, субвенциялар мен алып қою тетігі республикалық бюджеттен беретін трансферттердің өсуі аясында жергілікті бюджеттердегі салық түсімдерінің үлесінің төмендеуіне әкеледі және бұл өз кезегінде жергілікті билік органдарының дербестігінің төмендеуіне ықпал етеді. Ғылыми мақаланың негізгі мақсаты ҚР-дағы бюджетаралық қатынастарды оңтайландыруға қатысты мемлекеттің қаржылық саясатын талдай отырып, мәселелерін анықтау және шешу жолдарын қарастыру. Зерттеу нәтижесі бойынша қаржылық дербестікті кеңейту және жергілікті атқарушы органдарды өңірлік экономиканы дамытуға ынталандыру мен жергілікті бюджеттердің кірістерін ұлғайту бойынша жұмыстардың іске асырылғандығы анықталды. Зерттеудің қорытындылары мен ұсыныстары ҚР-ның бюджетаралық қатынастарына байланысты саясатты жүзеге асырудың ғылыми негіздемесі бола алады.

Тірек сөздер: бюджетаралық қатынастар, оңтайландыру, трансферттер, субвенциялар, бюджеттік алып қоюлар, республикалық бюджет, жергілікті бюджет.

Кіріспе

Бюджетаралық қатынастар кез-келген мемлекеттің, әсіресе унитарлы мемлекеттің бюджеттік саясатын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады, өйткені оларды ұйымдастыру мемлекеттік құрылымның міндеттерінің бірі. Бюджетаралық қатынас мәселелері елдегі бюджетті тиімді қамтамасыз етуде және мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету үшін орасан зор ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан маңызға ие, себебі елдің экономикалық әл-ауқаты оның өңірлерінің бәсекеге қабілеттілігіне тікелей байланысты. Еліміздің аумақтарының даму қарқыны бір келкі болмауына және әр аумақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының әркелкі бо-

луына байланысты бюджет қаражаттарын бөлу үрдісі бюджетаралық қатынастардан бастау алатындықтан аталмыш тақырыпты зерттеу қазіргі таңда маңызды.

Материалдар мен әдістер

Аталмыш тақырып төңірегінде зерттеу жүргізу барысында авторлар отандық және шетелдік ғалымдардың бюджетаралық қатынастарға байланысты берген теориялық анықтамаларын зерделеп, мерзімді баспасөз материалдарын, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі мен Қаржы министрлігінің ресми ақпараттық сайттарында жарияланатын статистикалық мәmelеттерге талдау жасады.

Мақаланы әзірлеу барысында авторлар диалектикалық және логикалық талдау, теориялық жылпылау, ғылыми абстракциялау, қазіргі және өткен кезеңдердегі статистикалық ақпараттарды тігінен және көлденең талдау жүргізілді. Диалектикалық талдау арқылы қазіргі күнге дейін бюджетаралық қатынастардың іске асырылып келе жатқан үрдістеріне сипаттама жасалса, логикалық талдау арқылы авторлар зерттеу жүргізілген тақырып бойынша қорытынды жасады.

Негізгі ережелер

Қазіргі уақытта Қазақстанның бюджет жүйесінде бюджеттің әртүрлі деңгейлері арасындағы өзара іс-қимыл тетігінің жұмыс істеу тиімділігін арттыруға бағытталған бюджеттеуге көшуде. Қазіргі зерттеушілер атап өткендей «бюджетті орталықсыздандыру» – бұл елдің бюджеттік жүйесін және әртүрлі деңгейдегі бюджеттер арасындағы қатынастады ұйымдастыру тәсілі. Бюджеттік орталықсыздандыру функцияларды барлық бюджеттік деңгейлер арасында бөлу жүйесінде белгілі бір сапалық өзгерістерді тудырады. Жалпы 2004 жылдан бастап Қазақстанда орталықсыздандыру, функциялар мен өкілеттіліктерді жергілікті деңгейге беру үрдісі басталды, бұл жергілікті биліктің төменгі деңгейін айтарлықтай нығайтады, ауылдық округтер әкімдерінің өкілеттіктерін кеңейтеді, бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне құқықтар беретіндігі сөзсіз.

Әдебиетке шолу

Бюджетаралық қатынастарды қарастырған отандық зерттеушілердің ішінде, келесі авторлардары бөліп көрсетуге болады: А.С. Исахова [1], С.Т. Қарғабаева, Р.И. Ерманкулова, М. Мырзахметова [2], Н.А. Сатанбеков [3], А.Б. Зейнелгабдин [4], З.Д. Исакова [5], С.Ж. Интыкбаев [6], А.А. Нұрымов [7].

А.С. Исахова «Қазіргі заманғы Қазақстандағы бюджетаралық қатынастар» атты зерттеуінде «Бюджетаралық қатынастар жүйесі – бұл басқару субъектілерінің өзара әрекеттесуінің негізгі тетіктерінің бірі, атап айтқанда биліктің иерархиялық деңгейлері – республикалық және облыстық, облыстық және аудандық өзара әрекеттесуі», – деп атап өткен болатын [1].

С.Т. Қарғабаева бастаған авторлар «Қазақстанда мемлекеттік басқаруды орталықсыздандырудың қаржылық негізі ретінде бюджетаралық қатынастарды реформалау» атты зерттеулерінде «Бюджетаралық қатынастар саясаты азаматтарға олардың тұрғылықты орындарына қарамастан Конституция және заңнамамен кепілдендірілген мемлекеттік қызметтер ұсынудың сапасы мен жалпы қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталатын болады» делінген [2].

Н.А. Сатанбековтың пайымы бойынша «Әлеуметтік-экономикалық және экономикалық қызмет процесінде туындайтын бюджеттік қатынастар, мемлекет ішінде туындайтын қаржы ағындарының өтуі бірнеше байланыстармен сипатталады және экономика субъектілерінің барлық құрылымдық деңгейлерін және қаржылық қатынастардың нысандарын қамтиды» делінген [3].

А.Б. Зейнелгабдин ақша-несие және салық-бюджет құралдарының ақша-несиелік реттеушілермен өзара байланыста бюджетаралық қатынастарды реттеу әдістерін бөлмей, Қазақстан Республикасында мемлекеттік қаржы ресурстарын қалыптастыруға және пайдалануға өзара байланыстың әсерін зерттейді. Сонымен қатар мемлекеттік қаржы ресурстарының жалпы көлемі ғана емес, оларды қалыптастыру және мемлекеттік басқарудың орталық және аймақтық деңгейлері арасында бөлу де маңызды екенін атап өтті [4].

З.Д. Исакова өз зерттеулерінде ҚР мемлекеттік бюджетінің жай-күйіне ерекше баға берді. Сондай-ақ ол Қазақстандағы бюджетаралық қатынастарды реттеу тиімділігінің жеткіліксіз деңгейде екендігін де атап өткен болатын [5].

С.Ж. Интыкбаева ҚР бюджетінің сыртқы күйзелістерге тәуекелділігін баса көрсете отырып, жаңа жаһандық тәуекелдер жағдайындағы салық-бюджет саясатының ерекшеліктерін талдайды, бұл жергілікті бюджеттің кірістерін қалыптастыруда мәселелерді ушықтыратынын атап өткен болатын [6].

А.А. Нұрымов Қазақстан Республикасындағы орталықсыздандырудың қаржылық аспектілерін талдай отырып, жергілікті бюджеттердің қазіргі жай-күйіне сыни баға берді [7].

Сондай-ақ бюджетаралық қатынастар саласындағы жетекші шетелдік заманауи зерттеушілердің пайымдарын да қарастырып өтелік. Мәселен, Peter Robinson мен Tess Farrelly пікірі бойынша бюджетаралық қаржылық қатынастар мемлекеттің Конституциясы мен үкіметтің құжаттары негізінде іске асырылып, Аустралияда бюджетаралық қаржылық қатынастар тік және көлденең бюджеттік теңгерімсіздік негізінде іске асырылады [8].

Janet M. Kelly, William C. Rivenbark «Бюджетаралық қатынастарда ресурстарды тиімді бөлу арқылы және бюджет қаражаттарын игеруге жауаптылықты арттыра отырып, жергілікті атқарушы органдардың нәтижелерінің есептілігі мен ақпараттық технологиялардың қолжетімділігінің көмегімен бюджет аралық қатынастарды тиімді қалыптастыруға болады», – деп пайымдаған [9].

Stephen Core Ұлыбританияның жергілікті бюджет аралық қатынастарын қарастыру барысында жергілікті бюджетті максималды қалыптастыру үрдісіндегі арнайы бюроны құру арқылы іске асыруға болатындығын және бюджеттік шешімдерді қабылдауда оның саяси өзгерістерді жартылай ескеретіндігін мәлімдеді [10].

Qijun Liu, Lijie Song бюджет аралық қатынастарда бюджеттік трансферттер мемлекеттің әртүрлі аймақтарындағы қоғамдық теңсіздіктерді теңестіруге ықпал ететіндігін атап өткен болатын [11].

Bihong Huang, Kang Chen пайымы бойынша 1994 ж. қалыптасқан қытайлық бюджетаралық трансферттер жүйесі шын мәнінде бюджеттерді теңестірудің бірден бір элементі екендігін анықтап, мақсатты трансферттердің ешқандай ережелерге негізделмей, саяси ықпалға ұшырайтындығын атап өткен [12].

R. Saminal Ұлттық бюджеттің әдетте аймақтар арасындағы ресурстарды айтарлықтай қайта бөлуге алып келетіндігін және оның ойынша өңірлерге бағытталатын бюджеттік трансферттер аймақтың қаржылық тәуелсіздігіне қол жеткізу үшін төленетін қаржы ретінде қарастырған [13].

Сонымен, біздің зерттеулерімізге сай әртүрлі елдерде бюджетаралық теңестіруде қолданылатын құралдар алуан түрлілігіне қарамастан, салық-бюджеттіктің оңтайлы үлгісі жоқ. Бұл әртүрлі деңгейдегі бюджеттердің кірістерін қалыптастыру үрдісіне әсер ететін факторлардың жоғары қарқыны, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді қаржылық қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты. Қазақстанда бұл механизм де елеулі өзгерістерге ұшырады. Осы саладағы көптеген ғылыми зерттеулерге қарамастан, бюджетаралық қатынастарды реттеу мәселесі толық шешілмеген. Сонымен қатар қазіргі бюджеттік шығындарды ескере отырып, бұл мәселелер жан-жақты зерттеу мен шешуді қажет етеді. Мұның барлығы бюджет үрдісінің барлық қатысушыларының мүдделерін ескеруі керек бюджетаралық қатынастарды реттеудің қолданыстағы тәжірибесін қайта қарау қажеттілігін анықтайды. Қазіргі замандағы жағдайда бюджет жүйесінің деңгейлері арасында кірістер мен шығындарды ажырату тетігін қайта қарауды, олардың жауапкершілігін арттыра отырып, аймақтық бюджеттердің қалыптастыруда жергілікті биліктің дербестігін күшейтуді талап етеді.

Нәтижелер мен талқылау

Бюджетаралық қатынастар мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы функциялар мен өкілеттіліктерді нақты ажыратуға, түсімдер мен шығыстарды әртүрлі деңгейлердегі бюджеттер арасында бірінғай бөлуге, сондай-ақ бюджетаралық трансферттерді айқындау әдістерінің бірлігі мен ашықтығына негізделген.

Республикадағы бюджетаралық қатынастар трансферттермен және бюджеттік кредиттермен, ал облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер арасында облыстық маслихаттың шешімімен белгіленетін кірістерді бөлу нормативтерімен де реттеледі.

Бюджет деңгейлері арасындағы трансферттерге жалпы сипаттағы трансферттерге, дамуға арналған нысаналы трансферттерге бөлінеді.

Жалпы сипаттағы трансферттер – бұл өңірлердің бюджеттік қамтамасыз етілу деңгейін теңестіруге және мемлекет кепілдік берген қызметтерді ұсыну үшін тең фискалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған бюджеттік субвенциялар (жоғары тұрған бюджеттерден төмен тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджеттерге берілетін).

Жалпы сипаттағы трансферттерді айқындау кезінде өңірлердің салық әлеуеті, өңірдегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар саны және белгілі бір өңірдің ерекшелігіне байланысты мемлекеттік көрсететін қызметтерді ұсыну жөніндегі шығыстарға әсер ететін факторлар ескеріледі.

Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі кірістердің (трансферттердің шегергенде) және тиісті жергілікті бюджет шығындарының болжамды көлемдері арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі жылдар бойынша бөле отырып, үш жылдық кезеңге абсолютті мәнде белгіленеді:

- ♦ республикалық бюджет пен облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттері арасында Қазақстан Республикасының заңы;
- ♦ облыстық бюджет пен аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттер арасында – облыстық маслихаттың шешімімен;
- ♦ аудандық (облыстық маңызы бар қаланың бюджеті мен аудандық маңызы бар қалалардың, аудандардың кенттердің, ауылдық округтердің) бюджеттері арасында – аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет туралы (облыстық маңызы бар қала) маслихатының шешімімен.

Қазақстанда 2004 жылдан бастап республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің мөлшері жекелеген заңмен бекітілген және осы кезең ішінде өзгертілмейді.

Аудандық бюджет пен аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттері арасындағы жыл сайын жоспарлары кезеңге жылжымалы негізде белгіленетін жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін қоспағанда, жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі әрбір үш жыл сайын өзгереді.

Шығыстардың жекелеген бағыттарын қаржыландырудың ең төменгі көлемі олардың басымдығы мен әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, заңмен немесе жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы маслихаттың шешімімен белгіленуі мүмкін.

Жалпы сипаттағы ресми трансферттердің үш жылдық көлемінің қолданылу кезеңінде бюджетаралық қатынастарды жедел реттеу құралы республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер болып қала береді.

Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесі ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 139 бұйрығымен бекітілген.


Жалпы сипаттағы трансферттер туралы бірінші Заң 2004 ж. қабылданды, оған 2005–2008 жж. арналған өңірлер бөлінісінде бюджеттік субвенциялар мен алып қоюлардың көлемі бекітілді.

Қазақстанда 2007 жылға дейін субвенциялық облыстар – 11 болса, 2008 жылдан бастап – 12, ал 2011 жылдан бастап – 13 өңір субвенциялық болды.

2015 жылдан бастап Астана қаласын субвенциялық өңірлерге қоспағанда, субвенциялық облыстардың саны 12-ге дейін қысқарды.

Осылайша қазіргі уақытта төрт өңірден басқа: Атырау және Маңғыстау облыстары мен Алматы және Астана қалалары, қалған өңірлердің барлығы субвенциялық өңірлерге жатады.

Сонымен қатар бюджетаралық қатынастар барысында бюджет жүйесінің қағидалары маңызды рөл атқаратындықтан, бюджет қағидаларының өзгеруі үрдісі төмендегі суретте сипатталған.



Сурет 1 – Бюджет жүйесінің қағидаларының салыстырмалы сипаты

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Байқап отырғанымыздай 1991–1996 жж. қағидалар саны не бары 5-еу болса, 1997–2004 жж. 9-ға жетіп, 2004–2008 жылғы заңнама бойынша 14-ке жеткені белгілі. Яғни қағидалар санының өсуі бюджет үрдісінің, қатынастардың дамып келетіндігінің бейнесі.

Сонымен қатар ЖІӨ өндірісінің қалыптасқан құрылымы өңірлік диспропорциялармен, республика аумағы бойынша өндіргіш күштердің біркелкі орналаспауымен және жекелеген облыстардың даму деңгейінің теңсіздігімен айқындалады. Нарықтық жағдайда экономиканың дамуы жекелеген өңірлер экономикасының бәсекелестік артықшылықтарында да, кемшіліктерінде анықталады.

Бюджеттік процесті трансформациялау контекстінде жергілікті бюджеттердің тиімділігін арттыру мәселесі де өзекті болып отыр. Бюджеттік процестің жалпы прогрессивті өзгеруінің басты мақсаты – барлық жергілікті және қоғамдық қаржыны тиімді басқаруға жағдай жасаумен байланысты. Келесі кезекте отандық бюджеттің жіктелуін төмендегі суреттен байқауға болады.



Сурет 2 – Қазақстан Республикасында бюджет жіктелімі

Ескертпе: [14] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Қазақстан Республикасы унитарлы мемлекет бола отырып, аумақтардың бөлінісі тиісті бюджеттердің деңгейлері бойынша қалыптасуына негіз болып саналады. Яғни жоғарыдағы суреттен байқап отырғанымыздай 2022 жылдан бастап ҚР-да жергілікті бюджет 17 облыс (2022 жылға дейін –14 обл.) бойынша, республикалық маңызы бар қалалар – 3, аудандық бюджет – 170 аудан бойынша, облыстық маңызы бар қалалар бюджеті 38 қала бойынша және ауылдық, кенттер ауылдық округтер 6 647-ні құрады.

Кесте 1 – 2017–2021 жж. ҚР-ның ЖІӨ-дегі облыстарының үлес салмағы

Атауы	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
Алматы қ.	21,8	21,89	20,1	19,1	18,7	18,9
Атырау	10,9	10,9	10,8	11	11,1	11,2
Астана қ.	10,6	10,6	11,2	11,3	11,8	11,9
Қарағанды қ.	7,9	7,9	8,4	8,6	8,7	8,8
Маңғыстау	6,2	5,8	4,3	4,3	5,1	5,0
Түркістан обл.	5,9	2,4	3,4	3,2	3,1	3,2
Шығыс Қазақстан	5,8	3,4	6,5	6,5	6,1	6,2
Алматы обл.	4,5	4,6	5,3	5,7	5,3	5,4
Павлодар	4,4	4,4	4,4	4,4	4,5	4,5
Ақтөбе	4,3	4,3	4,2	4,1	4,2	4,1
Батыс Қазақстан обл.	4,3	4,3	3,4	3,9	3,8	3,9
Қостанай	3,4	3,4	4,1	4,1	4	4,1
Ақмола обл.	2,9	2,9	3,2	3,2	3,2	3,2
Қызылорда	2,7	2,6	2,3	2,2	2,3	2,3
Жамбыл обл.	2,5	2,5	2,7	2,7	2,3	2,4
Солтүстік Қазақстан обл.	2,1	2,1	2,2	2,2	2,2	2,3
Шымкент қ.		3,4	3,5	3,5	3,6	3,7


Ескертпе: [15] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Жоғарыдағы кестеде ұсынылған мәліметтерге сай республика бойынша ЖІӨ-нің ірі өндіруші өңірлері: Алматы, Астана қалалары, Қарағанды, Атырау, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары. 2022 жылғы осы өңірлерде халықтың 29%-ы тұратын осы алты аймақта елдің ЖІӨ-нің 61,5%-ы өндіріледі. Сондай-ақ ЖІӨ-нің жалпы көлеміндегі ең аз үлес Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Ақмола және Түркістан облыстарына (13,1%) тиесілі болуда. Аталмыш алшақтықтар әр өңірдің минералды-шикізат базасына, инвестициялық әлеуетінің ахуалына байланысты ЖІӨ-дегі үлесі әртүрлі болуда.

Облыстардың даму деңгейі және олардың ел экономикасындағы рөлі бірдей емес және өңірлерде салық салынатын базасы мөлшерінде айтарлықтай айырмашылықтар бар. Сондықтан Қазақстан өңірлерінің бюджетпен қамтамасыз етілуін теңестіру мақсатында қолданыстағы бюджет жүйесінде кірістерді облыстар арасында, республикалық және облыстық бюджеттер арасында қайта бөлуді көздейтін бюджеттік теңестіру тетігі жұмыс істейді.

Өңірлер бөлісіндегі бюджеттік субвенциялар мен алып қоюларды талдай келе субвенциялардың бюджеттік алуға қатынасы төмендегі суретте бейнеленген.

Жоғарыда ұсынылған мәліметтерден байқап отырғанымыздай субвенциялардың бюджеттік алуға қатынасы 2018 ж. 6,2%-ды құраса, 2019 ж. 5,5%-ды, 2020–2022 жж. 5%-дан 4,3%-ға дейін төмендеп келіп, 2023 ж. 11,5%-ға дейін өскені белгілі.



Сурет 3 – 2018–2023 жж. өңірлер бөлісіндегі бюджеттік субвенциялар мен алып қоюлар, млн теңге

Ескертпе: [15] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Келесі кезекте 2018–2022 жж. өңірлер бөлінісінде бюджеттік субвенциялар мен алып қоюлар көлемі төмендегі кестеде сипатталған.


Кесте 2 – 2018–2022 жж. өңірлер бөлінісінде жергілікті бюджеттерден бюджеттік алып қоюлар көлемі, млн теңге

Атауы	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
Жергілікті бюджеттерден бюджеттік алулар	252 771	285 972	420 081	451 425	490 437
Атырау облысы	98 080	105 177	207 309	213 752	220 960
Маңғыстау облысы	31 316	35 365	8 214	13 417	19 493
Алматы қаласы	102 907	115 390	171 705	190 108	211 519
Астана қаласы	20 468	30 040	32 854	34 148	34 148

Ескертпе: [15] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Жоғарыдағы кестеден байқағанымыздай жергілікті бюджеттерден бюджеттік алулар көлемі 2018–2022 жж. 252 771 млн теңгеден 490 437 млн теңгеге дейін өсті. Соның ішінде ең үлкен көлемдегі алып қоюлар Алматы қаласының жергілікті бюджетінен 2018–2022 жж. аралығында 102 907 млн теңгеден 211 519 млн теңгеге дейін, яғни бес жыл ішінде алулар көлемі 2 есеге дейін өскен. Ал Атырау облысының бюджетінен 2018–2022 жж. 98 080 млн теңгеден 220 960 млн теңгеге дейін өскенін байқауға болады және үлестік кескінде аталмыш мәліметтерді төмендегі суреттен байқауға болады.

Суретте бейнеленгендей жергілікті бюджеттерден бюджеттік алулардың ішінде екі аумақтың Алматы қаласы мен Атырау облысының бюджеттерінен алынған алулар көлемінің үлесі жоғары деңгейді құрап отыр. Мәселен, Атырау облысының бюджетінен алулар үлесі 2018–2020 жж. 39%-дан 49%-ға дейін өскені байқалса, 2021–2022 жж. 47,5%-дан 45%-ға дейінгі үлесті құрап, біршама төмендегеніне қарамастан аталмыш елді-мекеннің бюджетінен алынған алулар үлесі ең жоғарғы үлесті құрап отыр. Ал Алматы қаласының бюджетінен алынған бюджеттік алымдар үлесі 2018–2022 жж. жергілікті бюджеттердегі алымдардың 41%-дан 43,5%-ға дейін өскені байқалып отыр.



Сурет 4 – Жергілікті бюджеттерден бюджеттік алып қоюлар көлемі, %

Ескертпе: [15] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Кесте 3 – 2018–2022 жж. өңірлер кескінінде республикалық бюджеттен бюджеттік субвенциялар көлемі, млн теңге


Атауы	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2022–2018 жж. өсім, %
Республикалық бюджеттен субвенциялар	1 573 346	1 584 149	2 104 432	2 120 876	2 124 711	35,0
Ақмола облысы	104 043	104 474	144 374	159 777	160 208	54,0
Ақтөбе облысы	56 275	55 812	108 477	110 139	111 182	97,6
Алматы облысы	156 004	153 723	200 784	190 909	180 375	15,6
Шығыс Қазақстан облысы	163 158	163 954	215 011	217 475	217 037	33,2
Жамбыл облысы	158 021	161 935	194 694	193 906	194 454	23,0
Батыс Қазақстан облысы	50 858	51 393	74 353	75 347	75 934	49,3
Қарағанды облысы	103 900	100 731	142 580	134 306	128 584	23,7
Қызылорда облысы	137 143	137 166	174 166	176 499	184 272	34,3
Қостанай облысы	108 990	110 193	140 029	135 999	133 543	22,5
Павлодар облысы	46 829	46 107	55 410	54 973	52 352	11,7
Солтүстік – Қазақстан облысы	95 749	96 360	421 629	414 544	141 829	48,1
Түркістан облысы	392 376	402 301	379 908	391 669	402 328	2,5

Ескертпе: [15] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Өңірлер бөлінісінде республикалық бюджеттен бюджеттік субвенциялар көлемі бойынша ең жоғарғы көлемде бөлінген субвенциялар: Түркістан облысына 2018–2022 жж. 392 376 млн теңгеден 402 328 млн теңгеге дейін; Шығыс Қазақстан облысына 163 158 млн теңгеден 217 037 млн теңгеге дейін өскен; Жамбыл облысына 158 021 млн теңгеден 194 454 млн теңге дейін; Солтүстік Қазақстан облысына 2018–2021 жж. 108 990 млн теңгеден 414 544 млн

теңгеге дейін өсіп, 2022 ж. 141 829 млн теңгені құрады. Ал республикалық бюджеттен субвенциялар көлемі аз бөлінген Павлодар облысы, Батыс Қазақстан облысы. Ал 2023 ж. жергілікті бюджеттерге республикалық бюджеттен бөлінген субвенциялардың жалпы көлемі жоспар бойынша 4 995 054 млн теңгені құраса, оның ішінде ең үлкен соманы 976 724 млн теңге Түркістан облысына, 405 274 млн теңге Жамбыл облысына, 400 532 млн теңге Қызылорда облысына, 338 878 млн теңге Жетісу облысына және 333 439 млн теңге Ақмола облысына бағытталуда.

Төмендегі суретте республикалық бюджеттен өңірлер бөлінісіндегі бюджеттік субвенциялар үлесі бейнеленген.




Сурет 5 – 2018–2022 жж. өңірлер бөлінісінде республикалық бюджеттен бюджеттік субвенциялар үлесі, %

Ескертпе: [15] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Республикалық бюджеттен бөлінген субвенциялар көлемі бойынша Түркістан облысына бөлінген субвенциялардың үлесі 2018–2022 жж. 24,9%-дан 20,3%-ға дейін төмендесе, Шығыс Қазақстан облысына 10,4%–10,9%-ға дейінгі аралықты құрады және Жамбыл облысынан бөлінген субвенциялар үлесі 10%-дан 9,8%-ға дейін бөлінсе, Солтүстік Қазақстан облысына бөлінген субвенциялар үлесі 2018–2021 жж. 6,1%-дан 18,4%-ға дейін өссе, 2022 ж. 7,2%-ға дейін біршама төмендегені белгілі. Ал 2023 ж. өңірлер кескінінде республикалық бюджеттен бөлінген бюджеттік субвенциялардың үлесін төмендегі суреттен байқауға болады.

Жоғарыдағы суреттен байқағанымыздай 2023 ж. республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттердің үлестік кескіні бойынша ең жоғарғы үлесті 19%-бен Түркістан облысы, 8%-бен Қызылорда және Жамбыл облыстары құраса, 7%-ы Жетісу және Ақмола облыстарына, 6%-ы Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе және Қарағанды облыстарына бөлінуде.



Сурет 6 – 2023 ж. өңірлер кесінінде республикалық бюджеттен бюджеттік субвенция үлесі, %

Ескертпе: [16] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Қорытынды

Соңғы жылдары Қазақстан Үкіметі жүргізіп жатқан бюджетаралық қатынастар жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс елдің әртүрлі өңірлерінде азаматтарға Конституциямен және заңнамамен кепілдік берілген мемлекеттік қызметтерді көрсетудің жалпыға қол жетімділігі мен сапасын қамтамасыз етуге бағытталған. Бюджетаралық қатынастарды жетілдіру – бұл мемлекеттік қызметтерді сапалы ұсыну үшін жеткілікті қаржылық ресурстарды басқарудың барлық деңгейлерін қамтамасыз ету үшін әділ және тиімді жүйені құрумен байланысты.

Сонымен қатар, экономиканың өсуі немесе құлдырауы және Қазақстан экономикасының әлеуметтік-экономикалық жай-күйінің басқа да өзгерістері кезеңінде бюджетаралық қатынастар жүйесі өзгеріске ұшырауда және қазіргі уақытта елде бірқатар жүйелік проблемалар бар, олардың негізгілері:

- ♦ Жергілікті бюджеттердің орталыққа жоғары тәуелділігі (жергілікті бюджет кірістерінің 50%-дан астамы республикалық бюджет трансферттері есебінен қаржыландырылады);
- ♦ Өңірлердің өзін-өзі қамтамасыз етуінің төмендігі (бүгінде 4 өңір республикалық бюджет донорлары, ал қалған өңірлердің барлығы субвенция алушылар);

♦ Фискалдық орталықтандырудың жоғары деңгейі, аймақтардың диспропорциясы, жергілікті билік органдарының өз табыс базасын арттырудағы уәждемесі мен ынталандыруларының төмендігі (жергілікті бюджетке жеке табыс салығы, мүлік салығы, жер және көлік салығы түседі);

♦ Донор – өңірлердің өз кірістерін ұлғайтуға ынталандыруларының болмауы (өңірдің кірістері неғұрлым жоғары болса, бюджеттік алып қоюлар көлемі соғұрлым көп болады);

♦ Дотациялық өңірлер шығыстарды оңтайландыруға аз дәрежеде ынталандырылады, өйткені орталық теңгерімділікке трансферттердің едәуір көлемін бөледі (өңірдің шығыстары неғұрлым жоғары болса, бюджеттік субвенциялар көлемі соғұрлым көп болады).

Бюджетаралық қатынастардың басты кемшілігі – жергілікті кірістердің болжамсыздығы мен тұрақсыздығы. Қолданыстағы жүйе бюджетаралық қатынастардың тиімді механизмін құрған жоқ. 2000–2001 жж. облыстар мен қалалардың 16 өңірінен (2019 жылға дейін) 8 донор болса, 2002 ж. 6 донор болып, 2005 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін тек 4 донор бар.

Жоғарыда аталғандарға сүйене отырып, қазіргі Қазақстанда жұмыс істеп тұрған бюджетаралық қатынастар жүйесі ұйымның міндеттері мен қағидаттарын шешуді толық көлемде қамтамасыз етпейді. Алайда бюджетаралық қатынастарды реформалау бұл үздіксіз процесс және ол әлі де жалғасуда, оған дәлел Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауындағы мәлімдемелері мен есеп комитетінің ҚР Үкіметінің есептеріне жыл сайынғы қорытындылары, онда бюджетаралық трансферттерді бөлудің қолданыстағы жүйесінің кемшіліктері бірнеше рет аталып өтілген. Қазіргі мемлекеттің күн тәртібінде халықтың қажеттіліктерін ескере отырып, бюджетаралық қатынастарды түбегейлі және кешенді реформалау, өңіраралық тепе-теңсіздіктер мен қоғамдық прогресті төмендету міндеті тұр. Бұл туралы Мемлекет басшысы 2022 жылғы 11 қаңтарда Парламент Мәжілісінің отырысында мәлімдеді. Президенттің айтуынша, аумақтарды қаржылық қолдау деңгейі сол жерде тұратын азаматтардың нақты қажеттіліктеріне емес, белгілі бір әкіміне байланысты болатыны құпия емес екендігі аталып өтілді. Яғни бұл аймақтардың жоғары диспропорцияларына және халықтың наразылығына әкеледі.

Мемлекет басшысының айтуынша, шикізат аумақтарының тұрғындары олардың өңірлері бюджеттік ресурстарды бөлу кезінде көбірек назар аударуға лайық деп санайды. Бюджетаралық бөлудің қолданыстағы жүйесімен, тіпті бюджет донорлары болатын аумақтар да әлеуметтік-экономикалық дамуда басқа аймақтардан артта қалып отыр. Сондықтан аталмыш тәсілдерді біртіндеп өзгерту керек және бюджетаралық қатынастарды реформалаудың уақыты келіп жеткен сынды.

Бүгінгі таңда бұл мәселелерді шешу терең теориялық және практикалық зерттеулерді қажет етеді, бұл осы мәселенің өзектілігін тағы бір рет растайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Исахова А.С. Қазіргі заманғы Қазақстандағы бюджетаралық қатынастар // ҚазНУ хабаршысы. Экономика сериясы. – 2015. – № 3(97). – Б. 88–95.

2 Қарғабаева С.Т., Ерманкулова Р.И., Мырзахметова М. Қазақстанда мемлекеттік басқаруды орталықсыздандырудың қаржылық негізі ретінде бюджетаралық қатынастарды реформалау // ҚазНУ хабаршысы. Экономика сериясы. – 2016. – № 2(114). – Б. 115.

3 Сатанбеков Н.А., Абаева Н.Е., Муқанова А.Б. Роль бюджетной децентрализации в формировании и дальнейшем совершенствовании межбюджетных отношений // Вестник университета «Туран». – 2018. – № 2(78). – С. 219.

4 Зейнелгабдин А.Б. Влияние взаимосвязи денежно-кредитных и налогово-бюджетных инструментов на формирование и использование государственных финансовых ресурсов в Республике Казахстан // Вестник университета «Туран». – 2020. – № 2(86). – С. 166–171.

5 Исакова З.Д. Системный анализ оценки состояния государственного бюджета Республики Казахстан и проблемы эффективного управления финансовой системой. – Астана: ИП «Булатов», 2015.

6 Интыкбаева С.Ж. Особенности налогово-бюджетной политики в условиях новых глобальных рисков // Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. – 2017. – № 2. – С. 52–57.

7 Нұрымов А.А., Берстембаева Р.К. Финансовые аспекты децентрализации в Республике Казахстан // Мемлекеттік аудит. – 2019. – № 2(43). – С. 54–62.

8 Robinson P., Farrelly T. The Evolution of Australia's Intergovernmental Financial Relations Framework // Australian Journal of Public Administration. 2013. Vol. 72. Issue 3. URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1111/1467-8500.12030> (accessed: 20.03.2023)

9 Kelly J.M., Rivenbark W.C. Budget theory in local government: the process-outcome conundrum // Journal of Public Budgeting, Accounting & Financial Management. 2008. Vol. 20. No. 4. P. 484–508. URL: <https://doi.org/10.1108/JPBAFM-20-04-2008-B005> (accessed: 03.04.2023)

10 Cope S. Assessing rational-choice models of budgeting—from budget-maximising to bureaus shaping: a case study of british local government // Journal of Public Budgeting, Accounting & Financial Management. 2000. Vol. 12. No. 4. P. 598–624. URL: <https://doi.org/10.1108/JPBAFM-12-04-2000-B004> (accessed: 07.04.2023)

11 Liu Q., Song L. Do intergovernmental transfers boost intergenerational income mobility? Evidence from China // Structural Change and Economic Dynamics. 2022. Vol. 63. P. 293–309. URL: <https://doi.org/10.1016/j.strueco.2022.10.006> (accessed: 10.04.2023)

12 Huang B., Chen K. Are intergovernmental transfers in China equalizing? // China Economic Review. 2012. Vol. 23. Issue 3. P. 534–551. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S1043951X12000028> (accessed: 13.04.2023)

13 Caminal R. Measuring Regional Fiscal Transfers Induced by National Budgets // International Tax and Public Finance. 2000. No. 7. P. 195–205. URL: <https://doi.org/10.1023/A:1008756504887> (accessed: 15.04.2023)

14 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Ұлттық статистика бюросы. Өңірлер статистикасы. URL: <https://stat.gov.kz/region/256619/dynamic> (жүгінген күн: 16.04.2023)

15 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. Статистикалық буклеттер 2017–2021 жж. URL: <https://stat.gov.kz/edition/publication/booklet> (жүгінген күн: 18.04.2023)

16 Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2023–2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы ҚР Заңы 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 161-VII ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000161> (жүгінген күн: 25.10.2023)

REFERENCES

1 Isahova A.S. (2015) Qazırgı zamanğy Qazaqstandağy bjudzhetaralyq qatynastar // QazNU habarshysy. Jekonomika serijasy. No. 3(97). P. 88–95. (In Kazakh).

2 Qarğabaeva S.T., Ermankulova R.I., Myrzahmetova M. (2016) Qazaqstanda memleketтік basqarudy ortalyqsyzdandyruyñ qarzhılyq negızı retinde bjudzhetaralyq qatynastardy reformalau // QazNU habarshysy. Jekonomika serijasy. No. 2(114). P. 115. (In Kazakh).

3 Satanbekov N.A., Abaeva N.E., Mukanova A.B. (2018) Rol' bjudzhetnoj decentralizacii v formirovanii i dal'shejšhem sovershenstvovanii mezhbjudzhetnyh otnoshenij // Vestnik universiteta «Turan». No. 2(78). P. 219. (In Russian).

4 Zejnel'gabdin A.B. (2020) Vlijanie vzaimosvjazi denezhno-kreditnyh i nalogovo-bjudzhetnyh instrumenttov na formirovanie i ispol'zovanie gosudarstvennyh finansovyh resursov v Respublike Kazahstan // Vestnik uinversiteta «Turan». No. 2(86). P. 166–171. (In Russian).

5 Iskakova Z.D. (2015) Sistemnyj analiz ocenki sostojanija gosudarstvennogo bjudzhetta Respubliki Kazahstan i problemy jeffektivnogo upravlenija finansovoj sistemoj. Astana: IP «Bulatov». (In Russian).

6 Intykbaeva S.Zh. (2017) Osobennosti nalogovo-bjudzhetnoj politiki v uslovijah novyh global'nyh riskov // Vestnik Kazahskogo universiteta jekonomiki, finansov i mezhdunarodnoj trgovli. No. 2. P. 52–57. (In Russian).

7 Nırymov A.A., Berstembaeva R.K. (2019) Finansovye aspekty decentralizacii v Respublike Kazahstan // Memleketтік audit. No. 2(43). P. 54–62. (In Russian).

8 Robinson P., Farrelly T. (2013) The Evolution of Australia's Intergovernmental Financial Relations Framework // Australian Journal of Public Administration. Vol. 72. Issue 3. URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1111/1467-8500.12030> (accessed: 20.03.2023). (In English).

9 Kelly J.M., Rivenbark W.C. (2008) Budget theory in local government: the process-outcome conundrum // Journal of Public Budgeting, Accounting & Financial Management. Vol. 20. No. 4. P. 484–508. URL: <https://doi.org/10.1108/JPBAFM-20-04-2008-B005> (accessed: 03.04.2023). (In English).

10 Cope S. (2000) Assessing rational-choice models of budgeting-from budget-maximising to bureau-shaping: a case study of british local government // Journal of Public Budgeting, Accounting & Financial Management. Vol. 12. No. 4. P. 598–624. URL: <https://doi.org/10.1108/JPBAFM-12-04-2000-B004> (accessed: 07.04.2023). (In English).

11 Liu Q., Song L. (2022) Do intergovernmental transfers boost intergenerational income mobility? Evidence from China // Structural Change and Economic Dynamics. Vol. 63. P. 293–309. URL: <https://doi.org/10.1016/j.strueco.2022.10.006> (accessed: 10.04.2023). (In English).

12 Huang B., Chen K. (2012) Are intergovernmental transfers in China equalizing? // China Economic Review. Vol. 23. Issue 3. P. 534–551. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S1043951X12000028> (accessed: 13.04.2023). (In English).

13 Caminal R. (2000) Measuring Regional Fiscal Transfers Induced by National Budgets // International Tax and Public Finance. No. 7. P. 195–205. URL: <https://doi.org/10.1023/A:1008756504887> (accessed: 15.04.2023). (In English).

14 Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jäne reformalar agenttığı. Ültyq statistika bürosy. Öñirler statistikasy. URL: <https://stat.gov.kz/region/256619/dynamic> (jügingen kün: 16.04.2023). (In Kazakh).

15 Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jäne reformalar agenttığı Ültyq statistika bürosy. Statistikalыq bukletter 2017–2021 jj. URL: <https://stat.gov.kz/edition/publication/booklet> (jügingen kün: 18.04.2023). (In Kazakh).

16 Respublikalyq jäne oblystyq büdjetter, respublikalyq mañyzy bar qalalar, astana büdjetteri arasyndağy 2023–2025 jyldarğa arnalğan jalpy sipattağy transferterdiñ kölemi turaly QR Zañy 2022 jylğy 1 jeltoqsandağy No. 161-VII QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000161> (jügingen kün: 25.10.2023)). (In Kazakh).

И.С. ЖУРТЫБАЕВА,*¹

докторант.

*e-mail: indira.zhurtybaeva@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-6103-9177

Ж.М. БҰЛАҚБАЙ,¹

к.э.н., доцент.

e-mail: Bulakbay_zhannat@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3742-6756

Б.С. САПАРОВА,¹

к.э.н., доцент.

e-mail: sbsfmenu@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0881-3474

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,

г. Астана, Казахстан

ПУТИ ОПТИМИЗАЦИИ МЕЖБЮДЖЕТНЫХ ОТНОШЕНИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация

В данной статье авторами осуществлена сравнительная дифференциация принципов бюджетной системы и проанализирован процесс перемещения средств с одного уровня на другой в виде трансферта средств в межбюджетных отношениях. Также отмечено неравенство тенденций формирования доходов бюджета в этих регионах, определены в разрезе регионов потребности в возникновении межбюджетных отношений и объемов валового внутреннего продукта на территории республики с малоцентрированностью количества и объемов крупных производителей на отечественном рынке. В ходе исследования авторы проанализировали также объем субвенций из республиканского бюджета, бюджетных изъятий из местного бюджета и отношение субвенций к бюджетным изъятиям: отмечено, что механизм субвенций и изъятий приводит к снижению доли налоговых поступлений в местные бюджеты на фоне роста трансфертов из республиканского бюджета, что, в свою очередь, способствует снижению самостоятельности местных органов власти. Основная цель научной статьи – проанализировать финансовую политику государства в отношении оптимизации межбюджетных отношений в РК, выявить проблемы и рассмотреть пути решения. При оценке состояния и определении проблем межбюджетных отношений в стране использовались общенаучные методы исследования, методы

статистического и сравнительного анализа. По результатам исследования установлено, что для повышения тенгизированности межбюджетных отношений предпринимается ряд мер, в частности, реализована работа по расширению финансовой самостоятельности и стимулированию местных исполнительных органов к развитию региональной экономики и увеличению доходов местных бюджетов. Выводы и предложения исследования могут служить научным обоснованием реализации политики, связанной с межбюджетными отношениями РК.

Ключевые слова: межбюджетные отношения, оптимизация, трансферты, субвенции, бюджетные изъятия, республиканский бюджет, местный бюджет.

I.S. ZHURTYBAYEVA,*¹

PhD student.

*e-mail: indira.zhurtybaeva@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-6103-9177

ZH.M. BULAKBAY,¹

c.e.s., associate professor.

e-mail: Bulakbay_zhannat@mail.ru.

ORCID ID: 0000-0002-3742-6756

B.S. SAPAROVA,¹

c.e.s., associate professor.

e-mail: sbsfmenu@mail.ru

ORCID ID:0000-0002-0881-3474

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University

Astana, Kazakhstan

WAYS TO OPTIMIZE INTER-BUDGET RELATIONS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

In this article, the authors considered the principles of the budget system, implemented their comparative differentiation and analyzed the process of moving funds from one level to another in the form of a transfer of funds in inter-budgetary relations. Inequality of tendencies of formation of budget revenues in these regions is also noted, the needs for the emergence of inter-budget relations and the volume of gross domestic product in the territory of the republic with low concentration of the number and volume of large producers in the domestic market are determined in the context of regions. During the study, the authors also analyzed the volume of subventions from the republican budget, budget exemptions from the local budget and the ratio of subventions to budget exemptions: it is noted that the mechanism of subventions and exemptions leads to a decrease in the share of tax revenues in local budgets against the background of growth of transfers from the republican budget, which, in turn, contributes to a decrease in the independence of local authorities. The main purpose of the scientific article is to analyze the financial policy of the state with regard to the optimization of inter-budget relations in the RK, to identify problems and consider ways of solution. In assessing the state and identifying the problems of inter-budget relations in the country used general scientific methods of research, methods of statistical and comparative analysis. According to the results of the study it was established that to increase the tenge of inter-budget relations a number of measures are taken, in particular, the work on expanding financial autonomy and stimulating local executive bodies to develop the regional economy and increase the revenues of local budgets has been implemented. The conclusions and proposals of the study can serve as a scientific basis for the implementation of policies related to inter-budget relations of the RK.

Key words: interbudgetary relations, optimization, transfers, subventions, budgetary exemptions, republican budget, local budget.